

Б.Т. Нұримапов

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Шымкент қаласы, Қазақстан  
(E-mail: bekarysnuriman@gmail.com)

## Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы «сұбашы» (әскербасы) бейнесі

**Аңдатпа.** Мақалада Қарахан дәуірі әдеби мұрасы Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегінде жырланған «сұбашы» яғни әскербасы бейнесі қарастырылады. Көркем шығармада әскербасының образы Күнтуды мен Өгдүлміштің сұхбаты арқылы берілген. Оны ашып көсерту үшін «Құтадғу біліктің» Р.Р.Арат жасаған латын графикасындағы транскрипциясы мен қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы негізге алынады. Зерттеу барысында 320-дан астам бәйітке талдау жасала отырып, негізгі төрт мәселе айқындалады. Біріншіден, шығармаға арқау болған әскербасының болмысы, кескін келбеті, қарым-қабілеті, яғни типтік бейнесі ашып көрсетіледі. Екіншіден, Қарахандар мемлекетіндегі әскербасының қандай болғаны және ол қызметтің маңызы дәлелденеді. Үшіншіден, әскербасының қосын басқару әдісі мен жорық тәсілдері және жалпы ел билеудегі ұстанымы сараланады. Төртіншіден, орта ғасыр әдебиетіндегі образ түзу әдісі қандай деңгейде екені зерделенеді. Жүсіп Баласағұн сомдаған «сұбашы» бейнесі орта ғасыр тарихын бағамдауға негіз бола алады.

**Түйін сөздер:** Жүсіп Баласағұн, Құтадғу білік, сұбашы, әскербасы, әскербасы бейнесі.

DOI: 10.32523/2616-678X-2021-135-2-64-74

### Кіріспе

Жаугершілік замандардағы батырлар бейнесі әлем халқының фольклоры мен көне жазба мұрасында кеңінен көтерілген тақырыптың бірі. Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі батырлар бейнесі бұған дейін фольклортанушы ғалымдар тарапынан зерделеніп келеді. Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін әскери терминдер де тілдік тұрғыда қарастырылуда. Бұл ретте Қарахан дәуірі жәдігерлеріндегі батырлардың образы әдеби тұрғыда жан-жақты зерттеуді қажет етіп отыр. Сондықтан бұл мақалада Баласағұндық Жүсіптің «Құтадғу білік» атты шығармасындағы «сұбашы» бейнесі мен жорықтың жырлануы талданады.

«Құтадғу білік» – 1069 жылы Қарахан мемлекеті тұсында жазылған көркем шығарма. Оның оқиға желісі Күнтуды Еліг, Айтолды, Өгдүлміш және Одғұрмыш атты негізгі төрт кейіпкер арасында өрбиді. Мұндағы, Күнтуды Еліг – хан, Айтолды – ханның Бас уәзірі, Өгдүлміш – Айтолдының баласы әрі ханның Бас уәзірі, Одғұрмыш – Өгдүлміштің туысы әрі дүниені тәрк еткен жан. Шығармада бұлардан бөлек, Көсеміш, Ерсіг, Құмару, Жұмысшы және Оғлан деген кейіпкерлер де кездеседі. Жүсіп Баласағұн осы кейіпкерлердің арасындағы сұхбат пен шиеленісті оқиғалар барысында Қарахан мемлекетіндегі билік өкілдерінің типтік образын сомдайды. Соның ішінде «Әскербасының» бейнесі мен әскери ұрыстың

әдіс-тәсілдері туындыға арқау болады. Автор онда мемлекет тарапынан әскербасыға қойылатын талаптар мен жүктелетін міндеттерді баяндайды. Сондай-ақ, әскербасының жан дүниесі мен сырт келбетін суреттеу арқылы түркі халықтарындағы ұрыс өнерінен хабар береді. Сондықтан, аталған тақырыпты зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымы үшін өзекті мәселенің бірі. Өйткені, түркі халықтарының әскери өнері мен сол жолда ерлік көрсеткен батырлар бейнесінің қандай болғаны филология ғылымы ғана емес, әскери өнер, тарих, философия, мәдениеттану, әлеуметтану ғылымдары үшін де маңызды саналады. Аталған тақырып бір жағынан Қарахан мемлекетінде әскери саланың қандай дәрежеде болғанын аңғартса, екінші жағынан әскербасы образының әдебиетте қалай бейнеленгенін көрсетеді. Сонымен қатар, Қарахан дәуірі әдебиетіндегі образ түзу дәстүрінен хабар береді. Оған «Құтадғу біліктегі» әскерге қатысты бәйіттерге жасалған әдеби талдау арқылы қол жеткізуге болады. Зерттеу нәтижесін филология ғылымы саласындағы іргелі зерттеулермен бірге, көне түркі тарихын насихаттауға арналған көркем фильм мен мультфильм дайындауда да қолдануға болады.

### Зерттеу әдісі

«Әскербасы» туралы негізгі мәлімет «Құтадғу біліктегі» 2269-2429 аралығындағы бәйіттерде кездеседі. Сонымен қатар, бектер мен бектерге қызмет етудің қағидасы жырланған мәтіндерде де айтылады. Бәйіттің екі жол өлең екенін ескерсек, сонда бұл тақырыпқа 320 жолдан астам жыр арналған деген сөз. Оның Күнтуды Еліг пен Өгдүлміштің сұхбаты барысында айтылуы да әскербасының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Жырда автор әскерді бастайтын ердің қандай болуы керекін, оған хан тарапынан артылатын міндет пен жорық кезінде қолданылатын әдіс-тәсілді баяндайды.

Бұл мақалада «Әскербасы» бейнесі аталған мәтін негізінде зерделенеді. Талдау үшін әуелі көркем шығармадағы образ бен оның маңызына қатысты теориялық

зерттеулер қарастырылады. Одан соң шығармадағы әскербасы бейнесін суреттеген бәйіттер сараланады. Дереккөз ретінде түрік ғалымы Р.Р.Араттың «Құтадғу біліктің» үш қолжазбасына сүйеніп жасаған транскрипциясы мен мағыналық аудармасы қатар қолданылады. Таңдалған бәйіттер әдеби тұрғыда талданады. Әскербасының жан-дүниесі, іс-әрекеті, кескін-келбеті және оның мемлекетке әкелетін пайдасы мен зияны талданып, нәтижесінде Қарахан мемлекетіндегі жорық өнері мен әскербасы бейнесі ашып көрсетіледі.

*Әдебиеттерге шолу.* Ескі түрік жазба деректеріндегі әскер тақырыбына қатысты мәселелер көптеген ғалымдар тарапынан қарастырылып келеді. Олардың қатарында Қазақстаннан М.Жолдасбеков, А.Аманжолов, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, А.Егеубаев, Қ.Сартқожа, С.Сыздықов, С.Оразбай т.б. зерттеуші-ғалымдарды атауға болады.

Орхон жазба ескерткіштерін зерттеген түркітанушы ғалым Қ.Сартқожаұлының еңбектерінде Көктүрік қағанатының әскері туралы жан-жақты қарастырылады. Мәселен, Күлтегін бітіктасындағы мәтіндерді талдау барысында ол: «Орда маңындағы ішкі әскер басын Іш-Бұйрық» деп аталғынан жазады [1, 285 б]. Зерттеуші С.Оразбайдың бір мақаласында Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі әскери терминдердің қолданылуы қарастырылса [2, 173-181 б], келесі бір жазбасында көне түркілердің ұрыс тәсілдері зерделенген [3, 32-36 б]. Жоғарыда көрсетілген зерттеулер Қарахан дәуіріне дейінгі кезеңді қамтыса, тарихшы ғалым С.Сыздықов еңбегі Қарахан мемлекетіндегі әскери-шендік лауазымдарға арналған. Ол әрбір әскери шенге жеке-жеке түсініктеме бере отырып, олардың қолданылуы мен дәрежелерілерін талдайды [4, 258-289 б]. Сонымен қатар, «Құтадғу білікте» жырланған «сұбашы» бейнесін әдеби образ ретінде талдау осы мақала авторының еңбегінде шолу түрінде кездеседі [5, 61-66 б].

«Құтадғу білікте» жырланған әскери тақырып пен қолданылған әскери терминдерді С.М.Арсал, И.Кафесоглу, Р.Генч, С.Екер, Х.Ч.Үсер, З.Өнлер сынды түрік ғалымдары да қарастырды. Мысалы, мәдениеттанушы

ғалым И.Кафесоглу түркілер мен өзге халықтардың әскерін салыстырады [6, 269-279 б]. Ғалым С.Екер еңбегінде Қарахан дәуірінде қолданылған әскери терминдер «Құтадғу білік» пен «Диуани лұғат ат түрк» ескерткіші негізінде талданса [7, 104-133 б], ғалым З.Өнлер мақаласында бір ғана «ерат» термині талданды [8, 245- 254 б]. Аталмыш тақырып түркітану, мәдениеттану, тіл білімі және тарих ғылымдары саласында қарастырылғанымен әдебиеттану бағытында яғни әдеби көркем бейне ретінде зерттеуді қажет етеді.

### Талқылау.

Ескі түрік жазба ескерткіштері оның ішінде Қарахан дәуірі жазба мұраларында әскери терминдер көптеп кездеседі. Бұл бір жағынан түрік халықтарында аталған саланың қаншалықты дамығанын көрсетсе керек. Қашқарлық Махмұттың «Диуани лұғат ат түрк» атты сөздігінде сү, бұйрық, шерік, тұтғақ, ерен және т.б. әскери терминдер кездеседі. Мысалы, «теркін сү – топтанған әскер» [9, 499 б] деп мысал келтіріледі. Баласағұндық Жүсіп «Құтадғу білікте» әскерді «сү», «ер ат» және «шерік» деп қолданса, әскерді бастайтын қолбасшыны «сұбашы» деп береді және оның жан-жақты сипаттайды.

Кез-келген шығармада автордың ойын жеткізетін негізгі құралдың бірі образ екені белгілі. Көркем бейнені ғалым З.Қабдолов: «Әдебиеттегі адам, сөздегі сурет, шығармада өмір шындығын жинақтау, адам мінезін даралау, сайып келгенде, осылардың құяр сағасы біреу, ол – образ» [10, 107 б] деп түсіндіреді. Осы тұрғыдан келгенде «Құтадғу біліктегі» Қарахан мемлекетінің әскерін басқарған қолбасшының бейнесі шебер суреттеледі. Яғни, автор онда «сұбашыны» жеке кейіпкер ретінде көрсетпейді, хан мен Бас уәзірдің сұхбаты кезінде сөзбен сомдайды. Жүсіптің бұл өзіндік ерекшелігіне ғалым А.Егеубаев: «Образды түзу әдістерінде де өзіндік ерекшеліктер басым» [11, 30 б] деп баға береді. Сондықтан, бұл зерттеуде әдебиеттану ғылымы тұрғысынан «Құтадғу білікте» жырланған әскербасының маңызы және оның бейнесі жан-жақты талданады.

Көне түрік халықтары құрған қағанаттарда жүз сардарды басқарған адам жүзбасы, мыңын басқарған мыңбасы және он мыңын басқарған түменбасы деп аталды. Жүсіптің жырлауынша, «сұбашы» – қағанаттың бүкіл әскерін басқаратын лауазым иесі. Сондай-ақ, ол тікелей ханға бағынады әрі дәрежесі Бас уәзірмен деңгейлес.

2418-бәйіт: vezir bir ikinçi sü başlar alem  
birisi kılıç tutti biri kalem [12, 255 б].

Бірі – уәзір, екінші – әскербасы; бірі қылыш, бірі қалам ұстады [13, 129 б].

Шығармада бұл сөзді Өгдүлміш Құнтудыға берген жауабы барысында айтады. Сонда қылыш пен қалам ұстауды «ұлы іс, абыройлы іс» деп бағалайды. Демек, Қарахан мемлекетінде әскербасы өте маңызды қызмет саналған. Ол дәуірді жаугершілік заман деп қарайтын болсақ, оның солай болуы да – заңдылық. Келесі бәйітте оның маңызына тоқталады.

2419-бәйіт: bu il bağı örki bu iki tüzer  
bu iki birikse anı kim üzer [12, 255 б].

Бұл мемлекеттік бағы мен тізгіні осы екеуінің қолында; екеуі біріксе, оны кім үзеді?! [13, 129 б].

Жорық кезінде әскердің жеңіске жетуі, жәй уақытта мемлекет іргесінің берік болуы және елдің ішкі-сыртқы қауіпсіздігі тікелей әскербасы мен уәзірге байланысты. Сондықтан, әскербасы қатардағы сарбаз емес, олардың бәрін басқара алатындай асқан қабілетті болуы керек. Жүсіптің мемлекет ісін жүргізуге кіріскен кез-келген басшыға қояр талабы бөлек. Ол мәселені түсіндіру үшін автор өз сөзін емес, өзіне дейінгі жыраулардың бір шумақ өлеңін мысалға келтіреді. Оны ғалым А.Егеубаев төмендегідей аударады:

«Біл, арыстан басшы болса иттерге,  
Арыстандай күркірер кеп иттер де!  
Арыстандар басы болса – ит бір күн,  
Арыстандар жасар еді ит тірлік!» [11, 212 б].

Жүсіп Баласағұнның басшыны арыстанға теңеуі бекер емес. Өйткені, ханның әскерін бастайтын ерге қойылатын талап өте жоғары. Ол асқан батыр, ержүрек, айбатты, қайтпайтын және намысты бермейтін болу қажет. Сонымен қатар, соғыс өнерін жетік

меңгерген, тәжірибелі болуы маңызды сипатының бірі.

2271-бәйіт: bu işke idi kurç katıǵ er kerek başında keçürmiş tükel toñ yürek [12, 242 б].

Бұл іске құрыштай, қатал, бәрін басынан өткізген тәжірибелі, ержүрек батыр керек [13, 121 б].

Әсіресе, оның әрқашан қырағы, сақ, қоян қолтық ұрысқа бейім, тұтқиылдан жасалған шабуылға тосқауыл қоя білуі әрі ширақ болуы керек. Өйткені, бейқамдық, осалдық жорықта жеңіліске ұшыратады. Көне түркі қосынына қатысты зерттеуінде С.Оразбай: «Көне түркілер соғыс іс-қимылдарында жеңіл әрі ыңғайлы, ықшам, шұғыл, қауырт қимылға икемді қару-жарақтарды жасаған және соғыс стратегиясын жағдайға қарай өзгертумен әрі тиімді шешім қабылдауымен байқалады» [3, 36 б] деп тұжырым жасаған. Бұл сипаттар Жүсіп жырлаған әскербасыда бар ерекшеліктер.

2273-бәйіт: talu er kerek sak bu işke oduǵ añar tegmese bir usalın yoduǵ [12, 242 б].

Бұл іске таңдаулы, қырағы, ықтиятты (ұйқылы-ою емес) ер керек; осалдығынан бәлеге ұшырамауы керек [13, 121 б].

«Сұбашы» шенін алған адам ешқашан жеке бас мәселесіне алаңдамауға тиіс. Басқаша айтқанда, отбасындағы күнделікті күйбең тіршілікпен шапқыламай, жорық ісіне шынайы ықыласпен кірісуі керек. Сонда ол «ер мен бөрі азығы жолда» деген қағиданы ұстанып, табысын қылышы арқылы табады. Өйткені, ол қара басының емес, тұтас елдің амандығына жауапты тұлға.

2278-бәйіт: oǵul kız kişim tip neñin irkmese ya yir suv baǵım tip kümüş termese [12, 242 б].

Ұл-қызым, қатыным деп іркілмесе; жер, су, бақша деп ақша (күміс) жинап кетпесе [13, 121 б].

2279-бәйіт: kılıçın tilese kamuǵ arzusın urup alsa birse bedütse küsin [12, 242 б].

Бар қалауын қылышымен тапса; соғысып, алып, таратып және атағын солай өсірсе [13, 121 б].

Жүсіп мұнда отбасы, бала-шағадан безуді емес, әскер ісі бәрінен маңызды екенін айтып отыр. Жоғарыда қамтылған мәселе әскербасының жеке қабілеті болса,

басқа бәйіттерде оның сырт келбеті де сөзбен сомдалған. Яғни, абыройы өсіп, даңқы жайылып, атағы тарауы үшін сыртқы бейнесі сұсты болу қажет. Жүсіп бұл жерде әскербасының сақал-шашы жинақы болуын да жырға қосады.

Шығармада қолданылған иүлүг (yülig) сөзін ғалым Р.Р.Арат «сақал-шашы жинақы» [14, 562 б] деп аударады. Демек, Қарахандарда қаба сақал, ұзын мұртпен немесе сақал-мұртсыз жүруді құптамай, екеуінің ортасын ұстанған. Шығармадан бұл талаптың әскербасыға ғана емес, мемлекеттің барлық қызметкеріне қойылғаны байқалады. Аталған деректер әскербасының сырт келбетін бейнелесе, әрі қарайғы жырда оның болмысы суреттеледі.

2275-бәйіт: akı bolǵu artuk sü başlar kişi tirilse añar ötrü üdrüm başı [12, 242 б].

Маңына таңдаулылар жиналу үшін әскер бастайтын адам өте жомарт болу керек [13, 121 б].

Қосынды бастайтын тұлға кісімен тез тіл табысатындай болуы керек. Жүсіптің жырлауынша оның бірден бір жолы – мәрт, жомарт болуы, сөзінде тұруы, шыншылдығы, тәкашпар болмауы. Сондықтан, шығармада оның ізіне ерген әскерімен қалай қарым-қатынас жасауы да сөз болады.

2276-бәйіт: ülese er atka kamuǵ bar malın adaş koldaş erdeş tutunsa kalın [12, 242 б].

Бар малын әскерге үлестіріп, қалың ерді майдандас, жолдас және дос қылу керек [13, 121 б].

Мұнда, жорықтан түскен олжаны әскерге таратып, майдандас достарымен бөлісуді жырға қосады. Сонда әскербасының батырлығынан бөлек, мал-дүниеге жомарт болғаны байқалады. Бұл ретте мал-дүниені тәкәшпарлықпен емес, жылы жүз, шынайы ықыласпен үлестіруі жырға арқау болады. Басқа бөлімдегі, яғни 2069-бәйітте «оң қолың қылыш ұстап, жау қырса, сол қолың мал-дүние таратсын» деп айтылады.

2277-бәйіт: öziñe bir at ton tolum kodsı tap çavıksa ajunda atın yadsa tap [12, 242 б].

Өзіне бір ат, тон, қару алса жетеді; сөйтіп әлемге атын жайса [13, 121 б].

Қарахандар тұсында әскердің тізімі жасалып, оларға тұрақты жалақы беріліп отырған. «Диуани лұғат ат түрkte» сарбаздың тізімі жазылған құжат «ай бітігі» және ол: «сарбаздардың аттары мен алған азық-түлігі жазылған дәптер» деп аталғаны жазылады [9, 18 б]. Егер әскердің еңбегіне сай ақы төленбесе, ол мемлекетке қауіпті екені айтылған. Мысалы, 2138-бәйітте «Бек әскерін сүйсінтпесе ырза ғып, Қылыш қыннан шықпас текке, онда анық» [11, 259 б] деп берілген. Бұл мәліметтер түрік қағанаттарында әскери өнердің жетіліп, мемлекеттік тұрғыда жүйеленгенін көрсетеді.

2280-бәйіт: yitürse içürse kedürse kedin  
at üstem kız oğlan bu birse telim [12, 242 б].

Жерізе, ішкізе, киім кидірсе; олжадан оларға ат, ер-тоқым, (күң және құл ретінде) ұл, қыз тарту етсе [13, 121 б].

Жорықтан түскен олжаны сардарларға үлестіру – біріншіден, әскерді ынталандырса, екіншіден, әскерді құрап отырған халықтың әлеуметтік ахуалын да жақсартады.

2281-бәйіт: añar tirlür ötrü kör ersig eren  
sevüg can yuluğlar yatur tağ kayan [12, 243 б].

Назар сал, сол кезде маңына мәрт жігіттер жиналады әрі олар тәтті жанын пида ете отырып, таулар мен далаларды алып, өмір сүреді [13, 121 б].

Жүсіптің жырлауынша, әскербасы ұрыс аяқталған соң қосынын түгендеуге, жараланғаны болса, елге әкеліп емдеуге тиіс. Ал, майданда қайтыс болғаны болса, оны арулап жерлеп, олардың артында қалған әулетіне олжадан үлес бөлу қажет. Ол бәйітте төмендегіше жырланады.

2402-бәйіт: balikmiş bar erse sen emlet körü  
bulun bolmiş erse yulup ol kirü [12, 254 б].

Жараланғандар бар болса, көрсетіп емдет; тұтқын болғандар болса, барып құтқар [13, 128 б].

2403-бәйіт: kalı ölmüş erse ağırlap kötür  
oğul kız bar erse añar hak yitür [12, 254 б].

Егер өлгендер болса, арулап жерле; ұл-қызы бар болса, оған хақысын бер [13, 128 б].

Мысалға келтірілген бәйіттерде әскербасының сарбазы алдындағы жауапкершілігі жырланған. Сонда ол жау қолына түсіп қалған қосынын тұтқыннан

босатып алуға тиіс. Жорыққа қатысқандардың бәріне олжадан үлестірсе, дүниеден өткен сарбаздың отбасына қамқор болады. Бұл әскербасының адамгершілік қырын айқындайтын сипаттың бірі. Тағы бірі – өзі қолға түсірген тұтқынға жасаған қарым-қатынасы.

2399-бәйіт: kim er tutsa öggü açınğu kerek  
ol açığ bile er urunsa yürek [12, 254 б].

Кім бір тұтқын ұстаса, оны жақсы көріп, ас-суын беру керек; ас-сумен ол адамның жүрегі жылысын [13, 128 б].

Жүсіп Баласағұн мұнда ұрыс кезінде қолға түскен тұтқынға, яғни дұшпанына жылы шырай танытып, тамақ беру мен жақсы сөз сөйлеуді жырға қосады. Бұл үрдіс кейін белгілі жырау Ақтамберді Сарыұлының толғауында «Құлым бір ұлдай киінсе, Көркемін көрген сүйінсе» [15, 62 б] деп сабақтасып жатады. Бұл ізгі қоғамға тән адамгершілік пен мейірімнің белгісі екені анық. Өйткені, бәйіттің жалғасында мейірім көрген құлдың жүрегі жібіп, адал қызмет етуі мүмкін екені айтылады.

Әскербасының бейнесін сомдағанда Жүсіп Баласағұнның ақындық қуаты, тілінің кестелілігі мейлінше көрінеді. Көшпелі өмір сүріп, табиғат аясында еркін өскен халыққа тән мінезбен толғайды. 2309-2314 бәйіттердің поэтикалық аудармасын ғалым А.Егеубаев төмендегідей береді:

«Әскербасы талай істі меңгерсін,  
Жауға шапса, сол білгені дем берсін:  
Қарысқанда – керек ірбіз білегі,  
Жауласқанда – арыстанның жүрегі!  
Доңыздай доң, ашбөрідей азулы,  
Ызалы аюдай, дәл қодастай ашулы.  
Аяр болса қызыл түлкі секілді,  
Кекшіл болса хас бурадай кесірлі.  
Сауысқандай екі шоқып бір қарап,  
Құзғындай боп шолса алысты көз қадап.  
Арыстандай айбат жасап – бүргенде,  
Үкі сынды ояу болса – түндерде» [11, 274-275 б].

Мұнда, автор көркемдеуіш құралдың бір түрі теңеу әдісін пайдалана отырып, әскербасының ұрыс өнеріндегі қабілетін даланың аң-құстарының ерекшелігімен бейнелеп береді. Бұл бір жағынан көшпелі

түркі тайпаларындағы эпостудыру дәстүрімен үндескеледі. Сонымен қатар, 2354-бәйітте «Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл» [11, 278 б] деп бейнелі сөз қолданады. Оны Жүсіп бектің сөзі деп келтіреді.

*Әскери ұрыс тәсілдердің жырлануы.* «Құтадғу білікте» Қарахан мемлекеті әскерінің жорықтағы тәсілдері жан-жақты жырланады. Мұны Қарахан ғана емес, жалпы түрік халықтарына тән жорық әдісі деуге болады. Жырдағы мәліметке қарағанда жорық басталмас бұрын елші жіберіп, келісімге келу ұсынылады. Мұның өзі қатыгез емес, бейбітсүйгіш екенін көрсетеді. Келісім болмаған жағдайда ғана ұрысқа көшеді. Шығармада автор ұрыс алаңына келген қосынның орналасу ретін де назардан тыс қалдырмаған.

2374-бәйіт: *inanur erig kılğıl öñdün kedin oñuñdın soluñdın bir aңса adın* [12, 251 б].

Алдыңғы және артқы шепке сенімділерді қой, басқа бір бөлігін оңға және солға орналастыр [13, 126 б].

Әскербасы жорықтың барлық тәсілін меңгерген, асқан саясаткер адам болуы керек. Шығармада көтерілген мәселеге қарағанда ұрыс басталмас бұрын қарсыластың шамасын байқау үшін шолғыншы жіберіледі. Шолғыншыны «Диуани лұғат ат түрк» атты сөздікке «түтғақ» [9, 525 б] деп береді. Ол жау туралы ақпаратпен қатар, алда өзен, көл, тау, ор секілді жердің жағдайынан да хабар беріп отырады. Бұл ақпарат қосынның аялдауы және жоспар құруы үшін маңызды. Бір жағынан бұл жаудың барлаушысына мәлімет алдыртпаудың жолы. Жырда осы сәтте асқан қырағылық пен айла керек екені айтылады. Егер жаудың әскері көп болса, жарасуға тырысуды. Ол мүмкін болмаса, дереу ұрысқа кірісуді ұсынады. Ұрыс басталар алдында әскерді жігерлендіру маңызды саналған.

2365-бәйіт: *uzatma işiñ sen çerig tir tokış üle neñ erig ög tokış at okış* [12, 250 б].

Істі ұзатпа, сен әскерді жина да соғыс; әскерге мал үлестір, батырлық рухын оятып насихат айт, соғысқа шақыр [13, 126 б].

Келесі бәйітте сөзбен жігерлендіріп, мақтағанда батырлардың жасауы мүмкін ерлігі де бейнелі түрде жеткізіледі. Жүсіп сол

арқылы әскербасының тағы бір сипатын, яғни жыраулық қырын аша түседі.

2401-бәйіт: *erig ögse elgin kör arslan tutar atıg ögse yügrür uçarıg yeter* [12, 254 б].

Әскерді мақтасаң, қара, қолымен арыстан ұстайды; атты мақтасаң шабады, ұшқан құсқа жетеді [13, 128 б].

Көк түрік дәуіріндегі Күлтегін, Түйұқық, Білге Қаған сынды билеушілердің жорықта жанында жүрген әрі олардың ерлік дастанын жазған Иолық Тегін екені белгілі. Ұлық Ұлыс (Алтын орда) пен Қазақ хандығы тұсында Асан қайғы, Доспамбет, Ақтамберді, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар сынды жыраулар қол бастайды. Сол себепті олар жорық жырауы деген ат алды. Демек, жыраулардың қол бастауы, жорық кезінде әскердің жігерлендіріп, насихат айтуы Қарахан дәуірінде де болған. Жырдың жалғасында әскери әдіс-тәсіл баяндалады.

2370-бәйіт: *çerigde bir aңса busuğka kigür yadağ okçı tüşrüp sen öñdün yügür* [12, 251 б].

Әскердің бір бөлігіне тұзақ құрғыз; жаяу садақшылар қарсы алып, сен алдында жүгір [13, 126 б].

Шабуылға шыққанда тәжірибесіз жастардан гөрі майдан көрген тәжірибелі батырлардың болуын құп көріледі. Алғы шеп пен артқы қорғанысқа сенімді батырларды қойып, оң мен сол қанатқа бір бөлігін орналастырған. Осылайша төрт жақтан соққы берген.

2376-бәйіт: *eñ aşnu ırakdın tegişgü okun yağusa sünün teggü birse boyun* [12, 251 б].

Ең әуелі ұзақтан оқ жаудырсын; жақындағанда ыңғай берсе, сүңгімен (найзамен) ұрыссын [13, 126 б].

Одан әрі жауға жақындап, бетпе-бет келгенде қылыш пен балта қолдануды айтады. Мұндай сәтте тосыннан соққы алмас үшін батырлар бір-біріне арқасын беріп шайқасады. Қарсыластың әр қимылын аңдап, соған сай әрекет етеді. Бәйітте жау қашса, артынан қу дейді. Алайда, ұзақ қумауды тапсырады. Себебі, қашам деп үрейі ұшқан әрі өмірден үміті үзілген жау қайта бұрылып, жеңіп кетуі мүмкін екенін ескертеді. Осы

сәтте Жүсіп батырдың майдандағы ерлігінен алатын әсерін былайша бейнелеп жеткізеді.

2380-бәйіт: kelin ①ız sevinci küden tünleri  
kür alp er küwençi çerig күнleri [12, 252 б].

Келін қыздардың қуанышты сәттері неке түндері; ержүрек, қаһарман ерлердің қуанышты сәттері майдан күндері [13, 127 б].

Жүсіп қорқақтың әскерді басқара алмайтынын, тіпті әскерді бұзатынын айтады. Ондайларды әйелге теңейді. Сондықтан, намысқа тырысып, ерлік қыл дей келе автор өзіне дейінгі жыраулардың төрт қатар өлеңін мысалға келтіреді.

2288-2289 бәйіттер: kişi ödsüz ölmez anadın tuğur

nelük korkar özün yağını körüp  
yağika yalun teg eren teg uruş  
ecelsiz ölüm bolmaz özke bolur [12, 243 б].

Анадан туған кісі ажалы жетпей өлмейді; жауды көргенде неден қорқасың? Жауға жалындай ти, еркек сияқты ұрыс; ажал келмейінше кісі өлмес [13, 121-122 б].

Мұндағы ойдың сабақтастығы Шалкиіз Тіленшіұлы толғауында да кездеседі. Би Темірдің тұсында жырау әрі қолбасшы болған ол: «Жалаңаш барып жауға ти, Тәңірі өзі біледі ажалымыз қайдан-дүр» дейді [15, 36 б]. Бұл – Қарахан дәуірінде жорыққа аттанған әрбір сарбаздың негізгі ұстанымы болған.

Шығармада көтерілген тағы бір мәселе – жеңімпаз қолбасшылардың үлгісі. Өгдүлміштің Күнтудыға берген жауабы кезіндегі ұрыс өнерін жетік меңгеріп, талай жорықты бастан кешірген әрі талай жеңіске жеткен қолбасшылардың сөзі беріледі. Жүсіп оны бекерге мысалға келтірмегені анық. Ол өз заманына дейінгі қолбасшылардың жорық әдісін еске салып әрі үлгі етіп отыр. Мысалы, тәжірибелі батыр былай дейді:

2334-бәйіт: sınatmış yağıcı kişi tenlemiş  
on iki miñ er sü öküş sü timiş [12, 247 б].

Тәжірибелі соғыс батыры «он екі мың адам – көп әскер» деп, оны қуатты қолға теңепті [13, 124 б].

Мұнда әскердің санына байланысты сөз қозғайды. Тәжірибелі батырдың айтып отырған он екі мың әскері кіші хандықтың толық жасағы болуы мүмкін. Ал, келесі бәйітте әскер саны бұдан өзгеше.

2335-бәйіт: çerig sançmış alp er tutuzmış ayu  
maña tört miñ er sü tükel sü tiyü [12, 248 б].

Жауды жеңген батыр ер: «мен үшін төрт мың әскер толық бір орда» депті [13, 124 б].

Мұнда, жеңімпаз батыр төрт мың әскердің өзін үлкен қосынға балаған. Бұдан соң даңқты, қаһарман батырдың «таңдаулы әрі бес қаруы сай әскер керек» дегенін келтіреді. Оған қоса атақты жауынгердің «көп әскер керек емес, таңдаулы әрі қаруы түгел жасақ керек» деген сөзін береді. Жүсіптің келтіріп отырған мысалы түркі халықтарының жорық тәжірибесі екені белгілі. Демек, сарбаз саны аз болса да, ұрыста жеңіске жете алу оны басқарған әскербасының шеберлігіне байланысты. Өйткені келесі бәйітте көп әскер майданда соғылысып, бір-біріне кедергі келтіретіні айтылады. Сондықтан қосынды таңдаулы, іріктелген, шыңдалған, тәжірибелі әрі толық қаруланған сардарлардан құраудың маңызын жырға қосады. Бұл біріншіден, мемлекеттің жасағын басқаратын әскербасыға қажет ең басты қасиет екенін білдірсе, екінші жағынан Қарахандарда әскери жаттығудың өтіп тұратынын аңғартады.

Шығармада әскербасыны суреттеп, қосынға қатысты мәселені жырға қосудағы Жүсіптің мақсаты – мемлекеттің қауіпсіздігін сақтау мен ел қазынасын молайту. Өйткені, 3045-3050 бәйіттер арасында Бас уәзір – Өгдүлміштің сөзі арқылы Күнтуды ханға сараң бектердің өз әскеріне қимаған қазынасы өзгенің әскеріне олжа болатынын жеткізеді.

2711-бәйіт: kılıç birle tutlur kalı tutsa il  
kalem birle baslur kalı bassa il [12, 283 б].

Егер елдерді жаулап алу керек болса, қылышпен алады; ал мемлекетті басқару керек болса, қаламмен (біліммен) басқарылады [13, 146 б].

Жалпы көркем шығармада Жүсіптің айтқысы келген ойы, ел басқару философиясындағы ұстанымы – әділдік. Ол әскермен, қылышпен өзге елдерді жаулап алуға болғанмен, елді қаламмен басқару керек екенін алға тартады. Сондықтан, автор шығармасы арқылы мемлекет пен халық күшпен емес, біліммен, парасатпен, басқарылғанда ғана мәңгілік ел болатынын жеткізеді.

## Нәтижелер

Аталған тақырып шығарманың бас кейіпкері Күнтуды хан мен оның бас уәзірі Өгдүлміш арасындағы сұхбатта жырланады. Сонымен қатар, бектер мен бектерге қызмет етудің қағидасы туралы әңгіме барысында да көтеріледі. Автор 320-дан астам бәйітте әскербасының жан-дүниесін, өмірлік қағидасын, характерін, сырт келбетін, әскерді басқарудағы іс-әрекетін жан жақты суреттейді. Сонда оның сырт келбетінің сұсты, айбарлы болуы, жорықта қырағы, сақ жүріп, соғыс өнерін жетік меңгеруі – жалпы әскербасыға тән сипат. Ал, сақал-шашының жинақы болуы, соғыс олжасын бөлісуде мал-дүниеге жомарт келуі, жаралы әскерді емдетуі, қайтыс болғанын арулап жерлеп, артындағы отбасына қамқорлық қылуы, тұтқынға түскен дұшпанның өзіне жылы қабақ танытуы – түркі халықтарына тән негізгі ерекшелік деуге болады.

Шығарманы зерделегенде Қарахан мемлекетінде әскери саланың әділдікке, заң мен ережеге құрылғаны байқалады. Қосынның хақысын жемеуге, оларды жетістігі үшін көтермелеп отыруға және көбірек олжа бөлуге ерекше мән берілгені аңғарылады. Сонда мемлекет қазынасын әскер үшін аямайды. «Құтадғу біліктегі» қазынашының бейнесі талданған зерттеуде оның мемлекет қазынасынан әскерге мал-дүние бергені туралы көрсетілген [15, 219 б]. Бұл да жоғарыдағы тұжырымды нақтылай түседі.

Зерттеу нәтижесіне қарағанда Қарахан мемлекетінің қосыны – өз халқын құрайтын халықтан жиналған яғни, ел ішінен шыққан сардарлар. Бұған қатысты мәдениеттанушы ғалым И.Кафесоглу ескі түрік қосынының көне Рим, Византия империялары мен Аббасия халифасының әскерінен мынадай айырмашылығы барын айтады:

«1. Түрік әскерлері жалдамалы емес. Басқа елдерде көбінесе әскер ақшаға жалданғандардан құрылса, түрік әскерлері өз мемлекетіне тиесілі халықтан болды.

2. Түрік әскері тұрақты еді. Түрік халықтарының ұлттық спорт ойындары,

тойлары және аңшылығы әскери дайындыққа негізделген.

3. Түрік әскерінің негізі атты әскерден құрылды. Басқа елдер атты әскер құруды кейін түріктерден үйренді» [6, 281-282 б].

Шығармада әскердің жасаған әрбір ерлігі мен маңдай терінің хақысын беру – әскербасының, қала берді ханның абыройын арттыратыны жырланады. Бәйіттің жалғасында оның нәтижесі сөз болады. Сондықтан, мемлекет әр жеңіс сайын елдің әлеуметтік ахуалын да түзеп отырған деуге негіз бар. Сонымен қатар, әскербасының ізіне ерген қосынды сөзімен жігерлендіріп, насихат жырымен шабыттандыратын жырау болуы да түркілік сипат.

## Қорытынды

Мақалада Ж.Баласағұн шығармасындағы «сұбашы» яғни әскербасы образы әдеби көркем бейне ретінде талданды. Дереккөз ретінде «Құтадғу біліктің» Ферғана нұсқасының факсимилесі, латын графикасындағы транскрипциясы және оның мағыналық аудармасы қолданылып, аталмыш тақырыпты қарастырған ғалымдардың зерттеулері негізге алынды.

Жүсіп Баласағұн «сұбашының» бейнесін сомдай отырып, түркі халықтарының әскери өнерінен де хабар береді. Бұл ретте өз заманына дейінгі қолбасылардың тәжірибесін еске салып отырады. Сондықтан, «Құтадғу білікте» жырланған әскербасы қызметінің мемлекет үшін маңызы ерекше. «Бірі қылыш, бірі қалам ұстайды» дей келе, оны Бас уәзірмен қатар қоюы да бекер емес. Алайда, қылышпен жаулап алынса да, ел қылышпен емес, қаламмен басқарылатынын ескертеді. Автордың шығармадағы негізі айтар ойы да осыған саяды. Яғни мәңгілік ел – біліммен, қаламмен басқарылған мемлекет. Жүсіп осы көзқарасын хан мен Бас уәзірдің сұхбаты арқылы көркемдеп жеткізеді.

Шығармада Жүсіп Баласағұнның басқа лауазым иелеріне қарағанда әскербасыны ерекше шабытпен жырлағаны байқалады. Бұл көшпелі түркі халықтарында кеңінен тараған



ауыз әдебиеті үлгілерінің, оның ішінде эпос тудыру дәстүрінің әсері екені анық.

Жүсіп жырларына қарап, Қарахан мемлекетіндегі әскербасының бейнесін толық тануға болады. Оның кейбір сипатының

қазақ жырауларында көрініс табуы да дәстүрлі сабақтастық екені даусыз. Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдарды тарихи көркем фильм, мультфильм және кескіндеме өнерінде қолдануға болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. Үш томдық. I том. – Алматы: «Samga Press», 2019. – 509 б.
2. Оразбай С. Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі әскери сөздердің қолданылуы // ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – №2(52), 2019. – 173-181 бб.
3. Оразбай С. Көне түркілердің соғыс өнері // Евразийский Союз Ученых. – №3 (60), 2019. – 32-36 бб.
4. Сыздықов С. (2014). Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
5. Нұриманов Б. Ежелгі дәуір және Қазақ хандығы тұсындағы әдебиетте ізгілік идеяларының жырлануы // PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Астана, 2018. – 167 б.
6. Kafesoğlu İ. Türk Millî Kültürü.– İstanbul: Boğaziçi yayınları, 1983. – 447 s.
7. Eker S. Sü ve Sü ile yapılan tarihî askerî terimler üzerine disiplinlerarası bir inceleme // Türkbilig. – №12, 2006. – 104-133 s.
8. Önler Z. (2019). Bir askeri terim olan erat sözcüğü üzerine // Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Türkoloji Dergisi. – № 2(23), 2019. – 245-254 s.
9. Қашқари М. Түрік сөздігі / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – Т. 1. – 592 б.
10. Қабдолов З. Сөзбен сомдалған тұлға. Шығармалары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. Т.3: Сөз өнері: Оқулық-монография. 360 б.
11. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. 2-басылым. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.
12. Arat R.R. (1979a). Kutadgu Bilig. I. Metin. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1979. – Т.1. – 656 s.
13. Жүсіп Баласағұн. «Аудармасы». «Ұлы дала жауһарлары» сериясы. «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы»: Бес томдық. Т.2: Қарахандықтар дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (IX-XII ғғ.). / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Е.Қыдыр, Б.Нұриман. – Алматы: «Evo Press», 2020. – 101-160 бб.
14. Arat R.R. (1979б). Kutadgu Bilig. III İndeks. – İstanbul: Türk Kültürünü Araştırma İnstitüsü, 1979. – 568 s.
15. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық/ Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 35-51 бб.
16. Нұриманов Б. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегіндегі «Ағычы» (қазынашы) бейнесі // Еуразия Гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2020. – №4. – 214-221 б.

### B. Nurimanov

*Ph.D, Faculty Philology, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan.*

### The image of «Subashy» (Military Commander) in the work of Yusuf Balasagun «Kutadgu bilig»

**Abstract.** The article considers the literary heritage of the Karakhan era, the image of the military commander «Subashy» glorified in the work «Kutadgu bili» by Y. Balasagun. In the work of fiction, the image of the warlord is presented through the dialogue between Kuntuda and Ugdulmysh. The study was conducted using the work «Kutadgu bilig» in the Latin transcription compiled by R.R. Arat and its semantic translation into the Kazakh

language. The study analysed more than 320 «beyts» and revealed four main aspects. Firstly, the article reveals the typical image of a military commander. Secondly, there is determined the importance of the commander's service and his status in the Karakhan state. Thirdly, it differentiates methods of command, the tactical actions of the commander, and his place in the governance of the country. Fourthly, there are studied methods of creating images in medieval literature. The image of «Subashy» created by Yusuf Balasagun serves as a basis for using in the creation of a work of fiction dedicated to the assessment of middle ages history.

**Key words:** Yusuf Balasagun, Kutadgu bilig, Subashy, Military Commander, military, image of a representative of power, image.

### Б. Нуриманов

*Филологический факультет, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,  
Шымкент, Казахстан*

#### Образ «Субашы» (военачальника) в произведении Юсуфа Баласагуна «Кутадгу билиг»

**Аннотация.** В данной статье рассматривается литературное наследие эпохи Карахана, в частности образ военачальника – «субашы», воспетый в труде Ю.Баласагуна «Кутадгу билиг». В художественном произведении образ военачальника представлен посредством диалога Кунтуды и Угдильмыша. Материалом исследования послужили произведение «Кутадгу билиг» в латинской транскрипции, осуществленной Р. Р. Аратом, и его смысловой перевод на казахский язык. В ходе исследования проанализировано более 320 бейтов, выявлены четыре основных аспекта. Во-первых, в произведении раскрывается типичный образ военачальника. Во-вторых, определяются значение деятельности военачальника и его статус в государстве Караханов. В-третьих, дифференцируются методы командования, тактические действия военачальника и его роль в управлении страной. В-четвертых, изучаются приемы создания образов в средневековой литературе. Образ «субашы», созданный Юсуфом Баласагуном, может послужить основой для оценки истории средневековья.

**Ключевые слова:** Юсуф Баласагун, Кутадгу билиг, субашы, военачальник, образ представителя власти.

### References

1. Sartkozhauly K. Orkhon eskertkishterinin tolyk atlasy [Complete atlas of Orkhon monuments]. Ush tomdyk. Vol 1. («Samga Press», Almaty, 2019, 509 p.) [in Kazakh].
2. Orazbai S. “Orhon-Yenisei eskertkishteri matinderindegi askeri sozderdin koldanylyuy” [Use of military words in the texts of the Orkhon-Yenisei monuments], *KazUU Habarshysy. Jurnalistika seriasy*, 52(2), 173-181(2019).
3. Orazbai S. “Kone turkilerdin sogys oneri” [Martial arts of the ancient Turks], *Evrasiiskii Soiuz Uchenyh*, 60(3), 32-36(2019).
4. Syzdykov S. Karlyk – Karahan memleketi: saiasi tarihy zhane madeni muralary [Karlyk - Karakhan state: political history and cultural heritage]. (Foliant, Astana, 2014, 320p.) [in Kazakh].
5. Nurimanov B. Ezhelgi dauir zhane Kazak handygy tusyndagy adebyette izgilik idealarynyn jylanuy [Chanting the ideas of kindness in the literature of ancient times and the Kazakh Khanate]: PhD doktory darejesin alu ushin daiyndagan dissertasyasy. L.N.Gumilyev atyndagy ENU [Dissertation for the degree of PhD. L.N.Gumilyov Eurasian National University]. Astana, 2018. P. 167.
6. Kafesoğlu İ. Türk Millî Kültürü [Turkish National Culture]. (Boğaziçi yayınları, İstanbul, 1983, 447 p.).
7. Eker S. (2006). “Sü ve Sü ile yapılan tarihî askerî terimler üzerine disiplinlerarası bir inceleme” [Interdisciplinary Examination of “sü” with which Military Terms Produced], *Türkbilig*. №12, 104-133(2006).
8. Onler Z. “Bir askeri terim olan erat sözcüğü üzerine” [On the military term erat], *Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Türkoloji Dergisi*, 23(2), 245-254(2019).
9. Kashkari M. Turk sozdigi [Turkish dictionary]. / Translated A. Egeubai. (Arda+7, Almaty, 2017, Vol. 1, 592p.).

10. Kabdolov Z. “Sozben somdalgan tulga” [A person made up of words]. Shygarmalary. («Kazak ensiklopediasy», Almaty, 2013, Vol. 3: Soz oneri: Okulyk-monografya, 360 p.) [in Kazakh].

11. Balasagun Zhusip. Qutty bilik / Kone turik tilinen audargan, algy sozi men tusinikterin zhazgan A.Egeubay [Translated from the Old Turkic language, foreword and comments written by A. Egeubay]. 2rd Ed. (Olke, Almaty, 2006, 640 p.) [in Kazakh].

12. Arat R.R. Kutadgu Bilig. I. Metin [Text]. 2rd Ed. (Türk Dil Kurumu, Ankara, 1979, Vol. 1, 656 p.) [in Turkish].

13. Zhusip Balasagun. “Audarmasy” [Translation]. «Uly dala zhauharlary» seriasy. «Ezhelgi dauir adebyetinin antologiasy»: Bes tomdyk. T.2: Karahandyktar dauirindegi adebi zhadigerler (IX-XII gg.). / Tomdy kurastyryp, baspaga daiyndagandar: T.E.Kydyr, B.Nuriman. («Evo Press», Almaty, 2020, P. 101-160).

14. Arat R.R. (1979б). Kutadgu Bilig. III İndeks. İstanbul: Türk Kültürünü Araştırma İnstitüsü, 1979. P. 568. [in Turkish].

15. Bes gasyr zhyrlaidy [Five centuries sing]: 2 tomdyk./ Kurastyr. M.Magauin, M.Baydildaev. (Zhazushy, Almaty, 1989, Vol.1, P. 57-68).

16. Nurimanov B. Zhusip Balasagunnyn “Kutadgu bilik” enbegindegi “Agychy” (Kazynashy) beinesi, Evraziya Gumanitarlyk institutynyn Habarshysy. №4, 214-221(2020).

**Автор туралы мәлімет:**

*Нұрیمانов Бекарыс Тілегенұлы* – Ph.D., филология факультеті, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

*Nurimanov Bekarys Tilegenuly* – Ph.D., Philology Department, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.